

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗ СӨЗІНДЕ СОҢҒЫ КЕЗДЕ ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАН АДАМДАРДЫҢ САНЫ КҮРТ АРТЫП КЕТКЕНІН АТАП ӨТТІ. КҮН САЙЫН 5 МЫҢНАН АСТАМ НАУҚАС ТІРКЕЛУДЕ. БІР АПТА БҰРЫН ҮКІМЕТ АХУАЛДЫ БАҚЫЛАУДА УСТАП ОТЫРМЫЗ ДЕП МӘЛІМДЕГЕН БОЛАТЫН. БІРАҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ НАШАРЛАП КЕТТІ. АУЫР ЖАҒДАЙДАҒЫ НАУҚАСТАРДЫҢ САНЫ КҮН САЙЫН КӨБЕЙІП БАРАДЫ.



– Ең бастысы – аса ауыр науқастардың көбеюін болдырмау, адам өмірін сақтау. Сондықтан, оның бір ғана жолы бар. Бұл – жаппай вакцинация, екпе салу. Қалыптасқан ахуалдың өте күрделі екенін ашық айту керек. Пандемия өңір басшылары үшін нағыз сынақ болды. Бұл сынақты кем дегенде өкімдердің жартысы, ең жақсы дегенде, «үшке» тапсырады. Осындай жағдайда Үкіметтің үйлестірушілік рөлі бірнеше есе арта түседі. Бұл жерде сырттан тон пішіп отыратындардың пікірі маңызды емес. Үкімет пен тиісті ведомстволардың үйлестірушілік рөлін күшейту қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы вакциналау деңгейі төмен өңірлерге методикалық көмек көрсету үшін шұғыл түрде көшпелі бригада жасақтауды тапсырды. Оның пікірінше, екпе салдырғысы келмейтін адамдармен жұмыс барысында саралау өдісін қолданған жөн.

– Бұл топ біркелкі емес. Екпе салдырудан бас тарту себептері әртүрлі. Мұндай адамдардың ішінде ойланп жүргендері көп. Барлық өдіс-тәсілді пайдалану, соның ішінде, әлеуметтік желілер арқылы олардың көзін жеткізу керек. Батыстың кейбір дамыған елдері көз жеткізу өдісінен мәжбүрлеу шараларына көшіп жатыр. Ірі еңбек ұжымдарының қызметіне байланысты ерекше жағдайлар болмаса, біз ондай қадамға бармаймыз. Сондықтан өз дегеннен қайтпайтын азғана антиваксерлерге бола, отбасыларын өз еңбегімен асырап отырған азаматтарымыздың денсаулығын қатерге тіге алмаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Денсаулық сақтау министрлігіне Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, тәуелсіз әлеуметтік

сауалнама жүргізуге тапсырма берілді. Антиваксерлер деген кімдер екенін анық ері нақты түсіну керек және олардың толық әлеуметтік бейнесін ашу қажет.

– Негізінен вирус жұқтыру деректері сауда ойын-сауық орталықтарында, кафелер мен ресторандарда болатынын ескеру керек. Мұндай жағдайда сақтану шаралары, соның ішінде вакцинация маңызды орын алады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өңірлердегі вакциналардың тапшылығына қатысты мәселені көтерді. Атап айтқанда Алматыда екпенің бірінші дозасы бойынша вакциналаудың бір-ақ күнгі көлемі (6,8 мың доза) қалған. Осы ретте бірқатар өңірде екпе егудің орташа қарқыны бойынша есептегенде қалған вакцина Алматыдағыдан ондаған есе көп. Денсаулық сақтау министрлігіне өңірлермен бірлесіп, вакцинация қарқынына дұрыс болжам жасауға, сондай-ақ, жарамдылық мерзімін ескере отырып, вакцинаны қайта жіберу жүйесін жолға қоюға тапсырма берілді.

– Иммуитет қалыптастыру уәдесін тежеп отырған тағы бір өзекті мәселе – вакцинацияның жалған паспорттары. Мұндай теріс құбылыстардың алдын алып, олардың таралуына жол бермеу маңызды. 16 шілдедегі мәлімет бойынша 65 қылмыстық іс қозғалған. Яғни, жұмыс басталды. Енді оны белсенді жалғастыру керек. Бұл өте ауыр қылмыс. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін іс-әрекет. Вакцинация паспортының қолдан жасалуына жол берген тұлғаларға қатысты қатаң жаза қолдануды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында вакцина өндірісі саласындағы көшбасшы елдерден өкелінетін екпелердің түрлерін кеңей-

ту мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік жаңа «Спутник лайт» вакцинасын жеткізу және оны отандық фармацевтикалық алаңдарда шығару мәселесін пысықтауды тапсырды.

– Отандық QazVac вакцинасын қыркүйек айында шығару жоспарланып отырғанын ескере отырып, оның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелуін тездету қажет. Бұл – Денсаулық сақтау министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің жұмысы. QazVac вакцинасын екіжақты уағдаластықтар аясында үшінші елдердің нарығына шығару жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Үкіметке аталған мәселені ерекше бақылауға алуды және бір ай ішіндегі атқарылған жұмыстардың нәтижесін баяндауды тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы вакцинация мәселесінде отандық бизнестің бірегей ұстанымы аса маңызды деп санайды. Ұжымдық иммунитетке қол жеткізбей, бизнеске қойылған санитарлық шектеулерді алып тастау мүмкін емес. Бұл бизнес пен тұтынушылар үшін көп жағдайда Ashuq цифрлық шешімінің арқасында мүмкін болып отыр.

– Соңғы кездері індет жұқтырғандардың және олармен байланыста болған адамдардың, яғни қоғамдық орындарға барған «қызыл» мен «сары» түс мәртебесі бар тұлғалардың саны арта түсті. Осы ретте арнайы бағдарлама оларды анықтағанда, ниеті бұзық адамдар басқа демалыс орындарын іздеуге ұмтылады. Мұндай жауапсыз тұлғалар айыппұлдардан мүлде қорықпайды, тіпті оларға ешкім айыппұл салмайтын сияқты. Әйтпесе, ЖСН-ді және имундық мәртебені тіркеу жүйесі бар ғой. Азамат-

тар осындай жауапсыздықтары үшін жазалануы тиіс. Карантиндік шектеулерді сақтау талаптарын қатаңдатуы тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтырғы жазда болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайтынын айтты. Ол үшін денсаулық сақтау жүйесінің бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

– Ауруханалардағы төсек-орындарды індетпен ауырғандар үшін қайта дайындау ісіне байланысты жоспарлы операцияларды жасауға алтын уақытымыз кетіп жатыр. Нәтижесінде патологияның меңдеуі салдарынан қайтыс болған науқастардың саны артуда. Бұл емдеу ісінің табысты болу мүмкіндігін барынша төмендетіп, емге көп қаржының жұмсалыуына өкпе соқтырады, – деді Мемлекет басшысы.

Ертең бүкіл мұсылман қауымы үшін қасиетті Құрбан айт мерекесі басталады. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев елде күрделі ахуал қалыптасып отырғанын атап өтіп, жұрттың құрбандық шалатын жерлерде жаппай жиналуын болдырмау керек екенін айтты.

– Жағдайды одан бетер ушықтырып алуымыз мүмкін. Үкімет пен өкімдер осы мәселені ерекше бақылауда ұстауға тиіс. Құрбан айтта инфекциялық қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ету қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бүгінгі көтерілген мәселенің бірі Үкіметтің ерекше бақылауында болуы тиіс екеніне тоқталды. Сонымен қатар Қазақстан азаматтарының өз денсаулықтарын, жақындары мен отбасыларын сақтау қажеттігіне назар аударды.

– Коронавирус біз үшін ең қымбат жандарды алып кетіп жатыр. Індетке қарсы күресте аға буын өкілдері зардап шегуде. Дегенмен, балалардың да ауырып жатқаны мазалайды. Ата-аналарынан вирус жұқтырған бір жастағы сәбилердің қатты ауыратынын елестетудің өзі ауыр. Жақында ғана бұл мүмкін еместей көрінген, бірақ қазіргі кезде мыңдаған сәби осы қауіпті індетті жұқтырған. Өзінді және жақындарыңды осы қатерден сақтаудың жалғыз жолы – вакцинация, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар кеңес барысында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы облысының әкімі Аманжол Батаалов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов сөз сөйледі.

akorda.kz.

Сайнау 2021

ТІЛЕГІ ТОҒЫСҚАН АУЫЛДЫҢ ТІРЛІГІ БЕКЕМ



төмендетілді, сондай-ақ сайлау бюллетенінде «барлық кандидатқа қарсымын» деген жол бар.

Осы жылдың 25 маусымында аудандық аумақтық сайлау комиссиясы өзінің қаулысымен Конституциялық өкілеттіліктері 8 тамызда аяқталатын аудандағы Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері өкімдерінің сайлауын 25 шілдеге тағайындады. Соған сәйкес аталған ауылдық округтер бойынша 2 сайлау округі құрылып, сайлауды өзірлеу мен өткізу жөніндегі Күңтізбелік жоспар бекітілді. Осы сайлауды өткізу үшін аудан бойынша 7 мүшесі бар аудандық аумақтық және 40 мүшесі бар 8 уәкілелік сайлау комиссиялары 25 маусымнан бастап жұмысын бастаған еді.

Өткен жексенбі күні екі округтің тұрғындары тікелей дауыс беру арқылы өкімдерін сайлады. Әрине, үміткерлердің барлығы да өздеріне берілген мүмкіндікті тең пайдаланды.

Ауыл өкімдерінің алғашқы сайлауынан репортаж жасау үшін біз Саралжын ауылына жол тарттық. Мал азығын дайындау маусымының қызған шағында таң алакеуіммен сайлау уәкілесіне асыққан ағайынды да түсінеміз. Саяси науқаннан сырт қалмауға тырысып, ауылының ертеңіне алаңдаған ақсақалдың бірі - Жақсылық Бисалиев. Қай уақыттан да белсенді ақсақал бұл жолы да жастарға үлгі көрсетті. Алғашқы лекте дауыс берді. Уәкілелік сайлау комиссиясының төрағасы Уәлихан Төлеуғалиев уәкілеске қарасты Қоңырат ауылына арнайы жәшікпен барып, дауыс беру ұйымдастырылғанын айтты. Саралжын ауылындағы жаңа клубтағы сайлау уәкілесінен ескен өуен елді елітіп, шектеулерге байланысты бұйығы тірілгені жұрттың тілегін бір арнаға тоғыстырды.

Жақсылық БИСАЛИЕВ,
Саралжын ауылы.

АУЫЛЫМНЫҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН ДАУЫС БЕРДІМ

Менің дауыс беру жасына толуым ауыл өкімін сайлаудан басталды. Өз таңдауымды жасап, ауылымның ертеңі үшін дауыс бердім. Кіндік қаным тамған ауылымның болашағы біздермен тікелей байланысты. Осыған соңғы он жылда атқарылған жұмыстардың куәсімін. Көз алдыма ауылым жарқырап, жаңарып жатыр. Ойыл ауданының қақпасы саналатын Саралжындағы соңғы жылдарғы игіліктер біздің мемлекеттің өлеуетінің куәсі. Ендігі елдің үміті – көгілдір отын. Ол күнде қашық емес деп ойлаймын. Мен бүгін өз таңдауымды жасап, ауылымның болашағына дауыс берсем, ертеңгі күні оқуымды бітіріп, ауылымды көркейтуге атсалысамын.



Жайнаш ПУСЫРМАНОВА,
Саралжын ауылы.

МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ АУЫЛДЫҢ БІРЛІГІ



Көптоғайлықтар үшін өткен жексенбі маңызды күн болды. Өйткені біздің ауылда таңертемен ауыл өкімін сайлау науқаны өтті. Дауыс беру орнында барлық санитарлық талаптардың сақталуына қатаң мен беріліп, келушілерге кедергісіз дауыс беру үшін жағдай жасалған. Ұйымдастырушылар алдымен сайлаушылардың дене қызуын өлшеп, барлық қажетті сақтық шараларын жасап жатыр. Халық өз таңдауын жасауда. Ауылдың айрандай ұйып отырған бірлігі мен тыныштығы үшін өркім өзінің сүйікті үміткеріне дауыс береді. Тек сайланатын өкім елге адал, өділ басшы болып қызмет

етсе деймін. Құдайға шүкірі! Біздің ауылдық көштен қалған емес. Әйтсе де ауылдың тұрмыс-тіршілігі мен шаруаға ыңғайлы адам өкім болуға лайық. Сондықтан әр сайлаушының таңдауы мен дауыс беруі өте маңызды. Мен бұған дейін болған сайлаулардан қалған емеспін. «Ел ерге, ер елге сенім артқан артқан уақытта» өзім қалаған үміткерге үкілі үмірт артып таңдау жасадым. Елдің азаматтарына абырой берсін. Ауыл көркейіп, шаруашылығымыз алға баса берсін!

Әлия ОМАРОВА.

АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ АРДАГЕРЛЕР БАҚЫЛАЙДЫ...

ҚАЗАҚТА «АРДАГЕР АҒА АЛДЫН-ДА ТҰРСЫН, ӨДЕПТІ ІНІ АРТЫНДА ТҰРСЫН», - ДЕГЕН КЕРЕМЕТ СӨЗ БАР. РАСЫНДА БҮГІН КҮНДЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫНДА ТАТУЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚТА ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАНЫМЫЗ ОСЫ АРДАГЕР АҒАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕҢБЕГІ ДЕСЕК АРТЫҒЫ АЙТҚАНДЫҚ ЕМЕС. ӨЙТКЕНІ ЕЛІМІЗДІҢ ӨСПІР-ӨРКЕНДЕУІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ТЕР ТӨККЕН АРДАГЕРЛЕРДІҢ БІР БӨЛЕК. БАР ҒҰМЫРЫН ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ҚЫЛУҒА АРНАҒАН АРДАГЕРЛЕРДІҢ ҚОҒАМДА ОРНЫ ЕРЕК.

Осы орайда кеше ауданға арнайы іс-сапармен Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Құрания Аймағанбетов келді. Алдымен аудандық саз мектебін аралаған ардагер мейман «Ойылды өнердің ошағы» деуге әбден лайық деген баға берді. Әрі қарай, спорт көшені мен спорт мектебі сынды әлеуметтік нысандарды аралаған Құрания Мағауияұлы «Мейірім үйінің» жұмысымен танысты. Ауданның орталығында мүмкіндігі шектеулі жандармен етене қызмет етіп жатқан ұжымға шексіз алғысын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. Одан кейін, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудан ардагерлерімен және бірқатар сала басшыларымен кездесу өткізді. Кездесуге арнайы қатысқан аудан



өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ардагерлерге ойларын ортаға салып, қандай да бір ұсыныс, сауалдар болса еркін жеткізуге шақырды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангос Сәрсенбаев бастаған бірқатар ардагерлер ауданда жасалып жатқан жұмыстарға оң бағасын берсе, облыстан келген Құрания Аймағанбетов ауданның тыныс-тір-

шілігіне ризашылығын білдіріп, жергілікті билік өкілдеріне ыстық ықыласын жеткізді. Жиында негізгі қозғалған мәселе қазіргі таңда жасалып жатқан жұмыстар мен алдағы атқарылатын міндеттер болды. Сонымен қатар алдағы уақытта өтетін аудандық ардагерлер кеңесінің конференциясы жөнінде өңгіме өрбіді. Сондай-ақ ұзақ жылдар елге қызмет қылған ардагер-

лерге түрлі төс белгілер тағу жөнінде ой талқыға түсті. Бұл атақ-мансапты таразыға салып, талас қылу деген сөз емес. Ұрпақ үшін, ұлт үшін адамгершілік пен абыройлы қызметті парызым деп ұстанып, кемел келешекке сара жолған қарт ұл-қыздарымыз қандай құрметке де лайық.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ
КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН
ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ШЕШІМІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2021 жылғы «25» шілдеде болған өкім сайлауының Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округінің қорытындылары туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ**:

1. Асылбаев Ерлан Базарбаевич, 1975 жылы дүниеге келген, Көптоғай ауылдық округінің өкімі болып қызмет атқарады, Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай ауылының тұрғыны Көптоғай ауылдық округінің өкімі болып тіркелсін.

2. Сайланған өкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Тиісті куәлік берілсін.

Сайлау комиссиясының төрағасы
Сайлау комиссиясының хатшысы

Б.Т.Бисекенов
Б.Бақтыгереев

2021 жылғы 26 шілде

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ
САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН
ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ШЕШІМІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2021 жылғы «25» шілдеде болған өкім сайлауының Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округінің қорытындылары туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ**:

1. Тажиғалиев Марат Тлепбергенович, 1963 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөліміне қарасты «Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» ММ директоры болып қызмет атқарады, Саралжын ауылдық округінің Кемер ауылының тұрғыны Саралжын ауылдық округінің өкімі болып тіркелсін.

2. Сайланған өкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Тиісті куәлік берілсін.

Сайлау комиссиясының төрағасы
Сайлау комиссиясының хатшысы

Б.Т.Бисекенов
Б.Бақтыгереев

2021 жылғы 26 шілде

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӘКІМІ

2021 жылдың 27 шілдесі № 319
Өкілеттілігі басталуына байланысты Көптоғай ауылдық округі өкімі лауазымына тағайындау туралы
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 30-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңы 36-бабының 4-тармағына сәйкес:

Асылбаев Ерлан Базарбаевич 2021 жылдың 27 шілдесінен бастап 2025 жылдың 27 шілдесіне дейін Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі өкімі лауазымына тағайындалсын және қаржы құжаттарына бірінші тұлға ретінде қол қою және өкімге берілген құзырет шегінде өкім, шешімдер шығару құқығы берілсін.

Негіздеме: Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 26 шілдедегі сайланған ауылдық округтер өкімдерін тіркеу туралы шешімі және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті бойынша департаментінің 2021 жылғы 15 шілдедегі № 2/3-2474 хаты.

Ойыл ауданының өкімі А. Қазыбаев

Өмірбаяны



Асылбаев Ерлан Базарбайұлы 1975 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылында дүниеге келді. 1992 жылы Құрман орта мектебін аяқтап 1994-1999 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих пен мәғалімі мамандығын бітірген.

2009-2013 жылдары Қарасу негізгі мектебінің директоры қызметін атқарған.

2013-2015 жылдары Құрман орта мектебінің директоры қызметін атқарған.

2015-2017 жылдары Амангелді орта мектебінің директоры қызметін атқарған.

2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін Көптоғай ауылдық округінің өкімі болып жұмыс жасауда.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӘКІМІ

2021 жылдың 27 шілдесі № 320
Өкілеттілігі басталуына байланысты Саралжын ауылдық округі өкімі лауазымына тағайындау туралы
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 30-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңы 36-бабының 4-тармағына сәйкес:

Тажиғалиев Марат Тлепбергенович 2021 жылдың 27 шілдесінен бастап 2025 жылдың 27 шілдесіне дейін Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі өкімі лауазымына тағайындалсын және қаржы құжаттарына бірінші тұлға ретінде қол қою және өкімге берілген құзырет шегінде өкім, шешімдер шығару құқығы берілсін.

Негіздеме: Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 26 шілдедегі сайланған ауылдық округтер өкімдерін тіркеу туралы шешімі және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті бойынша департаментінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 2/3-6380 хаты.

Ойыл ауданының өкімі А. Қазыбаев

Өмірбаяны



Тажиғалиев Марат Тлепбергенович 1963 жылы Жетікөл ауылдық кеңесі, Жекенді ауылында дүниеге келді. 1970-1980 жылдары Саралжын орта мектебінде орта білім алды. 1980-1982 жылдары Ақтөбе қаласында ГПТУ-7 оқу орнында көлік жөндеу шебері мамандығын алды. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды.

1984-1986 жылдары Ойыл аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде жұмысшы болып еңбек жолын бастады.

1986-1996 жылдар аралығында Саралжын орта мектебінде еңбек пенінің нұсқаушысы, 1996-2002 жылдары осы мектепте әскери жетекші және география пәні мұғалімі болып қызмет жасады.

2002-2005 жылдары Төсойған негізгі мектебі директоры лауазымдық қызметіне бекітілді.

2005-2006 жылдары Саралжын ауылдық округі аппаратында бас маман, 2006-2009 жылдары Саралжын ауылдық округі өкімі болып қызметін атқарды. 2009 жылы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысы қызметіне тағайындалды. 2010-2017 жылдары Саралжын ауылдық өкімі, 2017-2019 жылдары Саралжын ауылдық өкімі аппаратында бас маман қызметінде болды.

2019 жылдың ақпан айынан бастап Ә.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің директоры болып қызмет атқарып келеді.

САҰЛАУ-2021

Ойыл аудандық сайлау комиссиясының Ойыл ауданы бойынша Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері өкімдері сайлауының қорытындысы және сайланған өкімдерді тіркеу туралы ХАБАРЫ

2021 жылғы 25 шілдеде Ойыл ауданының ауылдық округтерінің өкімдерін сайлау 2 сайлау округі бойынша өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының Ойыл ауданының ауылдық округтерінің өкімдерін сайлау нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық сайлау комиссиясы сайлау қорытындысын шығарды:

Көптоғай сайлау округі
Көптоғай ауылдық округі өкімінің сайлауы бойынша:
Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1225 азамат енгізілді, олардың 1163-і дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер жоқ, «Бөріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны -6.
Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Амангосов А.С. – 35; Асылбаев Е.Б. – 816; Сатығалиев К.А. – 306.
Асылбаев Ерлан Базарбаевич, 1975 жылы дүниеге келген, Көптоғай ауылдық округінің өкімі, Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай ауылының тұрғыны, «Nur Otan»партиясы ұсынған. Көптоғай ауылдық округінің өкімі болып сайланды.

Саралжын сайлау округі
Саралжын ауылдық округі өкімінің сайлауы бойынша:
Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 992 азамат енгізілді, олардың 919-ы дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер жоқ, «Бөріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны -13.
Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Косбаев А. – 264; Рабаева М.А. – 65; Тажиғалиев М.Т. – 577.
Тажиғалиев Марат Тлепбергенович, 1963 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөліміне қарасты «Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» ММ директоры болып қызмет атқарады, Саралжын ауылдық округінің Кемер ауылының тұрғыны, Саралжын ауылдық округінің өкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес 2021 жылғы 26 шілдедегі шешімімен 2021 жылғы 25 шілдеде сайланған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің өкімдерін тіркеді.

Ойыл аудандық сайлау комиссиясы

Сұхбат

КӨПТОҒАЙЛЫҚТАР ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

ОЙЫЛ ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА БЕЛГІЛІ ҮШ КҮН БҰРЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУА АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚОС БІРДЕЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ӨТТІ. БҰЛ ЖОЛЫ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ХАЛЫҚТЫҢ ТАҢДАУЫМЕН САЙЛАНАДЫ. СОНДЫҚТАН БІЗДЕ СЯСАТ САХНАСЫНДА АЛҒАШҚЫ СӘТТІҢ ЖАЙ-КҮЙІН БІЛУ ҮШІН №401 КӨПТОҒАЙ САЙЛАУ УЧАСКЕСІ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТІЛЕК АМИРОВБІЕН АРНАЙЫ СҰХБАТ ҚҰРДЫҚ.

- *Армысыз аға!*

Быылдан бастап ауылдық округ өкімдерін тікелей халық сайлайды. Осындай саяси науқанның өр сәтін бақылап отырған сіздің ойыңызша бұл жолы ауыл өкімдері сайлауының ерекшелігі қандай?

- Әлбетте, ауыл өкімі креслода отыратын адам емес. Ол бүкіл халықтың мәселесін жүгіріп жүріп шешетін өте жауапты, жанашыр азамат болу

керек. Сондықтан болар, ауыл өкімдерін халықтың сайлау науқаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен тұңғыш рет жүзеге аскалы отыр. Мемлекет басшысы Қазақстан халқының 40 пайыздан астамы ауылда тұратынына тоқталып, бұл саяси шара, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалып жатқанын атап өткені көпке мәлім. Демек, ауыл өкімдері сайлауы-

ЕКПЕ ЕҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫС!

Қазір әлемді жайлаған індет барша адамзатты алаңдатып отыр. Себебі дүниежүзіне таралып үлгерген бұл инфекция барлық адамның денсаулығына қауіп төндіруде. Сондықтан қазіргі жағдайда аурудан сақтанудың, алдын алудың, жалпы, тығырыктан шығудың жалғыз жолы — COVID-19-ға қарсы вакцина салдыру. Біз, аурухана дәрігерлері мен қызметкерлері, алғашқылардың бірі болып «Спутник V» вакцинасын салдырдық. Ешқандай ауырсыну, қызу, жанама өсерлері болған жоқ. Сондықтан біз тұрғындарға екпе алудың ешқандай қауіп жоқ екенін айтымыз келеді.

Екпе алу мен ағзадағы қорғаныс қызметіне келсек, екпенің бірінші компонентін алған адамның ағзасында сол мезетте вирусқа қарсы антидене пайда болмайды. Алғашқы кезеңде иммунитет 30 пайызға ғана күшейеді. Ал қалған бөлігі екінші вакцина алғаннан кейін 45 күн өткен соң пайда болады. Тұрғындар мұны түсінуі керек. Сондай-ақ екпе алған адам ауырса, ауру жеңіл түрде өтетінін есте сақтау қажет. Мәселен, ауырсыну, мұрыннан су ағу сияқты симптомдар болуы мүмкін. Дегенмен вакцина сізді, сіздің ағзаңызды барынша қорғайды.

Аудан бойынша коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компоненті – 5148 адам (70,9%), ал екінші компоненті – 2906 адам (56,4%) екпе қабылдады.

Вакцина алуға келген адам алдымен анықтамадағы сұрақтарға жауап беріп, кейін дәрігер қабылдауында болады. Дәрігер мен тұрғын арасын-

дағы еңгіме өте маңызды. Созылмалы ауру, аллергия, дәрі қабылдау секілді сұрақтардан соң дене қызуы өлшеніп, сатурациясы тексеріледі. Тыныс алуын тыңдайды. Осы тізбектен соң ғана вакцина беріледі. Мұнда бірінші компонент бөлек, ал екінші компонент бөлек кабинетте беріледі.

«Hayat-Vax, CoronaVax, QazVax вакциналарының екінші дозасы сақтаулы тұр. Nayat-Vax 0+2°C температура-сында сақталады. CoronaVax, QazVax вакциналары +2°C және +8°C температурасын қажет етеді.. Температура журналы жүргізіледі. Спутник-V вакцинасын -18°C-22°C температурада, ал тасымалдау үшін арнайы құрылғымен жүзеге асырылады. Талап бойынша мейірбике вакцина құйылған құтыны мұқият қарап шығады. Сериясын тексереді. Спутник-V вакцинасын мұздатқыштан алған кезде міндетті түрде уақыты жазылады. Екі сағат ішінде бес адам егіледі. Егер мерзімі өтсе, жойылады».

Осы орайда, біз азаматтарға ұжымдық иммунитет қалыптастырып, бұрынғы өмірімізге қайта оралу үшін міндетті түрде вакцина алу керектігін ескертеміз. Қазіргі таңда КВИ-ға қарсы провизорлық стационарда короновирус инфекциясымен ауырып келген адамдар саны көбеюде.

Сондықтан өз денсаулығыңыз бен отбасыңыздың, ұжымдағы әріптестеріңіздің қауіпсіздігін ойласаныз, екпе алыңыз!

А. МАЙЛЫБАЕВА,
Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

ның басты ерекшелігі халық мүддесіне арналған. Жергілікті тұрғындар өкім болуға лайық деген жанға таңдау жасайды.

- *Еліміз коронавирус пандемиясының беті қайтар емес. Әйтсе де мұндай саяси науқан өз кезегінде тоқтамаған емес. Сайлау тәртібі мен санитарлық талаптар жайында айтып берсеңіз!*

- Сайлау өз кезегінде сәтті өтіп жатыр. Сайлаушылар тарапынан ешқандай жалбы жоқ. Санитарлық талаптар сақталған. Әр сайлаушы бет пердемен келіп, дауыс беруде. Бұл саяси науқан қандай маңызды болса, адам денсаулығы одан да маңызды. Сондықтан санитарлық талаптарға

немқұрайлы қарап жатқан жоқпыз. - *Сайлаушылардың серпілісі қандай?*

- Ауыл өкімінің сайлауына дауыс беруге келген сайлаушылар өте белсенді көрінді. Дауыс беру уақыты таңертең 7-де басталды. Дауыс беруге таңертемен ағылған ауыл тұрғындары 6:30-дан бастап келіп тұрды. №401 Көптоғай сайлау учаскесінде 545 сайлаушы болса, соның көбісі түс өлетіне дейін дауыс беріп үлгерді. Халықтың көңіл күйі көтеріңкі. Әркім өз таңдауына дауыс берді.

Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҰЛТТЫ СҮЮ

өзімшіл, зор көкірек надан еді. Патшаның перманына, ақсүйектің тізесіне амалсыз көніп, кекетіп-мұқатып, сырттан қоржып жүруші еді. Мұжықтың мұндай болған себебі – орыстың жоғарғы табынан шыққан талай атақты, білімді жазушылары мұжықты мадақтап, кітаптар жазып, көтеріп, өзімшіл қылып, төңірістік жіберіп еді. Міне, осы халда жүрген орыстың бір төңірісі Николай жоқ болып еді – не болды?

Төңірісінген, өзін-өзі зор тұтқан қожа болып, мемлекеттің астын үстіне келтірді. Неше түрлі бассыздық қылып, Россияның құл-талқанын шығарды.

Жоғарғы айтылғанынан шығатын қорытынды мынау: орыстың ақсүйегі, оқығаны ұлт қамын ойлап, халыққа жұмықты мадақтап, кітаптар жазып, көтеріп, өзімшіл қылып, төңірісінген қара халық жүгенсіз кетті болып қалды. Қысқасы, орыс ұлтшыл жұрт емес-тігін, таптан тапқа, партиядан партияға бөлінген берекесіздігін көрсетті. Мұнан былай маңдайына тас тиіп барып түзелмесе, бұ қалыпта ұлт аларлық, еліктерілік еш нәресі қалған жоқ.

Енді қазаққа келейін. Біз жұрт болуды жаңа ойланып, жаңа қамдандық, қазақ өрі ақсүйек, қарасүйекке, оқыған, оқымағана бөлініп, арасына жік түскен жоқ. Бірақ жуан ата, жіңішке ата болып, жуанғың жіңішкеге көрсететін зорлығы, қиянаты бар. Жақсы төртіп, еділ билік орнаса, жуан мен жіңішкеңіз айырмасы жоғалып кетуі мүмкін. Басшы түзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық аз, қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса. Қазақтың тура жолға бастай-тыны да, адастыратыны да – оқығаны. Оқығанын қазақ сыйлайды, соңынан ереді. Көдірлейді. Сенеді. Білімді, ақылды, жақсылықты, үлгілі, төрттіп, ақиқатты, еділдікті, қызметті оқығандарынан күтеді. Оқыған – қара халықтың шырағы (идеалы), бұқарасы сонша көдірлегенін оқығандар білу керек. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған оқыған халықтың ықыласын қайырады, көңілін шығарады. Халықты өзінен алыстатады, өсек арқалайды, пайдасы артық тимейді.

Бұқараның есептетеуіне қарай «бұл уақытта» төрт ағы бірден түсіп, ұлт үшін жанын салып, сілетсіз, таза қызмет қыларлық шын «шырақ» табыла беруі қиын. Бұл уақыт – қазақтың мәдениетке аяқ басатын, шаруасы, тұрмысы, білігі өзгеретін, фаскер болатын, жалпы ұлт ісіне жол ашатын уақыт. Қазақтың өміріне көрмеген жаңалықтар кіретін уақыт – осы күнгі оқыған қызметкерлер. Қазақтың ескі қалпынан жаңалыққа көшетін – «көшпелі» заманның кісілері. Көшпелі заманның қызметкерлерінің Әкімді болсын кемшілігі көп болмақ. Өкімді өртүрлі пікір тұтынып, өртүрлі жоба ұсынып, жаңалықты орнатуға жиһат қылмақ. Бірақ бұл буынның адамының төжірібесі, төрбиесі жетілмегендіктен істеген ісінде үстірттік, төселмегендік көп шығып,

«адалдық», «қызмет» деген нәрселер сүйегіне сіңіп өскен дәреже емес. Сырттан жақсылықтан жамау.

Оқығандардың жолдан тайып кетуіне себеп болатын – бар адамның табиғатына біткен жергілікті мінездер. Орын, атақ, дәреже, мұқтаждықтың жоқтығы адамды тастырып, көтеріп жібереді. Бұларды кісінің кісісі-ақ көтереді. «Қой көрмеген қуалап өлтіреді» дегендей, бұрын қолына билік тиіп көрмеген жұрт білікті жақсылыққа жұмсай алмай, жаман жаққа жұмсап, адырарлық, «тағдырың қолымда» деген сияқты пікірге түсіп кетуі де мүмкін, бұны Николайдың шенеуніктерін көз алдыма елестетіп айтатын.

Кейбір оқығандар да қара халықтан бойын аулаққа салғысы келіп, қызыққа, салтанатқа салынғысы келетін салқындық, ірілік мінездердің ұшығы сезіледі. Адам шалдару нықысының өнімен кетсе, өзін-өзі тергеуге алмаса, жаман мінезінен тымылсып, жақсы жағын төрбие қылмаса, бұзылып кетіп оп-оңай. Меніңше, қара халықтан жиренгендік, ірілік – ұлтын сүюге, мұқтажын, сырын білуге жиһат қылмағандық деп білемін. Бұл мінез Николайдың шенеуніктеріне еліктеген болып табылады.

Орыстың білімін алуға, өнерін білуге, жақсы жағын жаттауға еліктеу – дұрыс та, көпірлігін, мақтаншақтығын, рақымсыз, қызықшыл, қалташыл, антшыл «суық» шенеуніктің еліктеу, ақсүйек болуға, салтанат түзеуге, тұрмысын, жүрісін, ұй шінат түрге салып, қазақтан қашыртуға еліктеу – үлкен мін, кемшілік. Бұ жағынан оқығандар арына төрелетіп, сақ болуы керек. Осындай өдетті күшейтуге себеп болатын қунышыс халқының табиғатында тағы бір мінез бар. Ол: антқұмар, зіннатқұмар, өйелшілдік, адымын алыстатпайтын еліктеу, қайратсыздық, жалқаулық. Көңілдегі болмаса, біздің тұқымдар тез табаны қайтып, қажып қалады. Мақсатының жолына құрбан болуға шыдамайды. Бұ да есте болсын. Ақтығында айтпағын: оқығандар өзін өзі төрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат қылуы керек. Естеріңізді болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып төрбиелеу керек. Орыс төрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды. Қазаққа аудаы ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалқылайп, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керек жоқ; адал күшімен өзідей орыс сүйейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге теккен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын.

Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңқылар, халық біз үшін емес, біз халық үшін тұғамыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

МАУСЫМ ЖАРЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Он алтыншы жыл отамалы-сының ызғырығы өтті, оған еті үйренген дала қазағы қара суыққа қыңқ еткен жоқ еді, бірақ жаңағы отамалының өкпек желімен ілесе ел ішін жайлаған кезекті өктемдікке енжар қарай алмады. Маусым Жарлығын ойылдықтар да жандары түршіге қарсы алды. 1904 жылдан бері ошағы жойылмай қойған оба ауруы бір қысқа, өлемді белісу үшін Бірінші дүниежүзілік соғысқа қосылған Ресейдегі төлтіректеген экономикасын тіктей мақсатында енгізілген соғыс салығы мен басқа да толып жатқан «қайырымдылық» салықтары бүйірге тікендей қадалды. 19 бен 43 жас аралығындағы арқа сүйер азаматтары жаппай қара жұмысқа алынып, төбеден түскендей болған нәубет әділетсіздікті одан әрі қоздыра жүргізілгенде ел іші жарылды. Әдеттегідей, қолында билігі барлардың бір тобы көрінеу азаматқа бой алдырғанда қиянат көргендер түйыққа тірелді. Өмір мен Өлім текетіресі кімнің кім екенін екшеп шығарды. Ырғыздағы, Жем бойындағы, Шалқардағы, Ойылдағы толқулар осының көрінісі.

Жем бойының ұстасы Төре-мұрат Алдасов көтерілісшілерге күні-түні қару-жарақ соқты, қиянатқа шыдамай қолына қару алған ағайынды Омар мен Отарбай Ертасовтар патша жеңдеттерінің қолынан қаза тапты, көтеріліс басшылары Құлмағанбет, Мұрсабек Шынтаевтар, Тілеухан Манбаев пен Шоңқан Сандыбаев соққыға жығылып, түрмеге қамалды. Шалқар ауданы, Ордақонған болысының өктем күштің тегеуірініне төтеп бере алмаған бір топ азаматы Табын ауданының елді мекендерін паналап, үш жыл бас сауғалады. Ембі болысының Қаражарындағы толқуды ауыл ақсақалдары басты (85).

Ойыл өңірінен де тыныштық кетті. Намысы тапталып, «қабағына қарыс сүйем мұз қатқан» қайыңқаптал жігіттер Алла атымен атқа қонды. Шипов, 1-Ойыл, 2-Ойыл, Қайыңды, Жетікөл, Жиделі-Сағыз, Құмды Ойыл, Қарағанды болыстары дауылды күңгі теңіз бетіндей толқыды.

Мұрағат деректеріне қарағанда, 1911 жылы Ойыл өңірінің біраз жерін қамтитын Темір оязына он алты болыс, яғни Темір-Орқаш, Ембі-Темір, Қаламаққырған, Қарағанды, Ойыл-Қиыл, Құмды Ойыл, Қазбек, Жетікөл, Ойыл, Қайыңды, Жиделі-Сағыз, Ембі, Оймауыт-Желтау, Сам-Матай, Ұлысам, Доңызтау-Ақкөл болыстары қарады (86.499). Ал Ойыл ауданының қазіргі, жиырма бірінші ғасыр басындағы аумағымен шектесек, маусым Жарлығы жарияланған кезде Темір оязының Ойыл учаскесіне сегіз — Шипов (болысы — Шестаков),

1 - Ойыл (болысы — Темірбай Сейтов), 2- Ойыл (болысы — Қалдыбай Қилтыров), Қайыңды (болысы — Ораз Дайыров. *Әнші Қызыл туралы тарауда айтылды — С.Б.),* Ойыл-Қиыл (болысы — Таңатаров, *құжатта есімі айтылмайды — С.Б.),* Қазбек (болысы — Малай Айжарықов), Жетікөл (болысы — Нұржан Шоқпаров), Қарағанды (болысы — Құрман Қоқанов) болысы кірді (87). Солардың қай-қайсысы болсын, көлденең соққан дүрбелеңнен қалыс қала алмады. Бір шетінен суық дүбір естілсе, екінші шетіндегілер де ішін тарта ширап, ат-тұрман, қару-жарағын жинастыра бастауға көндіккен Ойыл, Сағыз, Жем бойы бұл күндерде тағы да тұтастай өбегерге түсті. Кей жерде ол бүрк етіп, қарулы қақтығысқа ұласып жатты. Ойыл өңірінде, әсіресе, Қайыңды мен Қарағанды, Сағыз бен Аққұм, Бабатай бойындағылар патша әскеріне қайсар қарсылық көрсетті. Ойылдағы толқу жүз төрт күнге созылды, оның елу тоғызы шеру түрінде өтсе, қырық бесінде ірілі-уақты қарулы қақтығысқа ұласты (88).

Парадокс, уақыт өткен оқиғаның бәрін сақтайды, сонымен бірге соның бәрін көмескілеп, адам

санасынан біртіндеп жоғалта да бастайды. Өйткені, өмір үшін кескілескен сол бір күндердің болмысы бүгінгі ұрпаққа негізінен мұрағат құжаттары арқылы ғана жетіп отыр. Ондағы шаң басқан жалаң деректердің астарындағы құмыққан кекті, қатулы қабақты көзбен көріп, санамен сезіне аламыз ба?! Қан неге есепсіз төгілді, өмір неге ерте қиылды? Жауабы белгілі сияктанғанның бөрі бірдей өз деңгейінде ұғыныла қоюы екіталай. Дегенмен, тарих әлдекімнің есебімен немесе қалауымен жасалмайды. Маусым Жарлығына қарсылық адам бойындағы табиғи еркіндіктің сыртқы өктемдікке төзе алмауының көрінісі. Ойыл төсіндегі жаңағы жүз төрт күндік арпалыс та ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан, ақыр соңында амалсыз тізе бүгумен аяқталатын шідерлеулі үміттің кезекті бір жалғасы. Солай бола тұра, Қарағанды болысында үш жүз елу жігіт атқа қонды, оларды Еркінжан Қодаров, Қалым Атабаев, Мұқаш, Ораз, Тайшыбай Алтаевтар бастап шықты.

«Ел шетіне жау келсе, Халық үстіне дау келсе, Жамандайын жалтандап, Ер жігіт қарап тұрар ма ? Арғымақтың алдына Найза бойы жар келсе Жабыдайын жалтандап Түсер жерін қарар ма ?!» — деп еді-ау, Мөңке Тілеуұлы (89).

Дүние шіркін шыр айналған соң алды-артын жинап, арқаланып шығуға мүмкіндік болмады. Қоқанов Құрман болыс пен оның қасындағыларды ұстап, кек кайтаруға анттасып еді, тамыз айында оларды Жалғыз-ағашта жасырынып жүрген жерінен қолға түсіріп, өлімші етіп соққыға жықты, қара тізімді тартып алып, оны өртеп жіберді. Оның арты...

Бұл күндерде Ойыл, Қайыңды, Ойыл-Қиыл болыстарындағы толқу жергілікті әкімшілік басшыларының урейін ұшырып, жедел көмек сұраған хабар Орал генерал-губернаторына дейін жеткенді. Губернатор суық қаруланған үш жүздің үстіндегі атты әскерге толқу ошағына шығуға дереу бұйрық берді. Оның екі жүзі Ойыл бекінісіне шоғырланып, қалғаны Темірге аттанды

Патша өкімшілігінің бұлай бүлінуі тегін емес-ті. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатта сақтаулы 947-қордың 1-тізбе, 50-ісіндегі және 497-қордың 1-тізбе, 25,29, 47а-істеріндегі деректер айғақтағандай, өңірде тез баспаса ұшқыннан жалын лау еткелі тұр еді. Патша өкімшілігінің реформаларынан өбден титықтап, өз жерінде өзгенің қамытын кньюге тіпті де көңдіге алмаған халық атабабадан келе жатқан ұстаныммен «малым — жанымның, жаным арымның садағасы» деп бір-ақ кесті, патшалық өкімдікті мойындамай, өз хандарын өздері сайлап, тек соған ғана жүгіне бастады. Ырғыз оязында көтерілісшілер Әшеке Қаражанұлын ақ киізге салып, хан көтерсе, Бабатай бойындағылар Жиеналы хазіретті өздерінің ханы етіп сайлады. Ырғыздағылар Әшекенің, Ойылдағылар Жиеналының жанына топтасты. Жиеналының басшылығымен Шибұлақта өткен хан кеңесінде: «... тағы да жұдырықтай жумылатын күн туды. Бірігейік ағайын, бізден кейін бүкіл Торғай өңірі көтерілгелі тұр. — деді Әшекенің кеңесшісі Келтай Кашин. — Торғай қаласында Орынбор қазақтарының полкі, Дон казактарының екі жүздігі, бір-бірден гусар және драгун эскадроны мен ерекше мақсаттар үшін құрылған сегізінші рота шоғырланған. Торғай маңындағылар толқулы, өзге ұрысқа қосыла қойған жоқ, Ханымсыз сіздерден Ор, Ақтөбе және Қарабұтақ бағыттары бойынша Ырғызға беттеген патша әскерінің жолын кесуді өтінді». Бұған дейін ойылдықтар патша әскерімен өлде-неше дүркін қарулы қақтығысқа шығып үлгерген-ді. Демек, К.Кашиннің айтуы рас болса, ойылдықтардың көтерілісі торғай-

лықтардан біраз бұрын басталған. Сірә, бұған Көкжар жәрменкесінің бұрыннан атышулы оқиғалардың ошағы екендігі де сеп болса керек (86.499).

Ырғыз бойында Әшеке Қаражанұлының айналасына топтасқан қырық жігіттің Ақтөбе қаласынан қарсы аттандырылған патша отрядын тоқтатуға күші жетпеді. Төрт жігіті оққа ұшты. Амалсыз елші алмасып, келісімге келді. Алайда, ашу-ызаның бойды кернегені сонша, келісім ұзаққа бармады. Жаңағы жігіттердің біразы Тәуіп елді мекеніндегі толқу ошағына қосылды. Бұл кезде ондағылардың қатары мың жарым адамға жуықтап қалған еді.

Ал Ойыл өңіріндегілер хан көтерген Жиеналы кім? Қызыл өнші туралы тарауда айтылған Жұбаналы қарт оқырманның есінде болар. Өншінің жортуылдас серігі, ерен қайрат иесін іздеп барған 1967 жылы ол сексенді мол игеріп, тоқсанға иек артып қалғанды. «Жиеналы Ізбасарұлы 1872 елде 73, өйтеуір сол екеуінің бірінде туған. Орташа ғана шаруасы бар әкесі ұлын әуелі ауыл молдасында оқытып, кейін Бұхар шаһарына жіберді. Ондағы діни медреседе сегіз жыл дәріс алған Жиеналы оны үздік бітірді. Сол үшін оған ишан-хазірет атағы берілді» деген еді сонда Жұбаналы карт. Демек, Жұбаналы да, Жиеналы да Бабатай бойындағы оқиғалардың қалың ортасында тең ескен тетелестер. Осыдан қырық жылдан астам уақыт бұрын толтырылған, беттері сарғыш тарта бастаған қалың дәптерімдегі осы естелікке үңілген сайын, сол бір алыстап кеткен күндердің елесі қайта қылаңдайды.

Жиеналы 1900 жылы туған ауылы Бабатайда мешіт салдырды. Бес-алты жылдан кейін алдымен саманнан, кейін ағаштан қидырып медресе тұрғызды. Мешіт пен медресенің күмбездері де ғажап. Сыртынан қосарланып көрінгенмен, іші еңселі тұтас киміздер. Бояуды да қанық, алыстан күн сәулесімен шағылысып, көк жасыл түспен құбылып тұрады. Көп ұзамай-ақ медресенің атағы біраз жерге жайылды. Медресе шөкірттеріне, Бұхардағы сияқты, ишан атағы беріліп, арнаулы күелік тапсырылды.

Хазірет таттарларды тартып, бау-бақша өсірді. Арық қаздырып, тары ектірді. Ол арықтардың орны өліде байқалады. Башқұрт елінен әкелтіп өсірген отыз кез көк теректер соңғы жылдарға дейін Бабатай бойының көркі болып келді. Саятшылықпен де айналысты. Бірі көкпар тартуға, бірі аламан бәйгеге қосуға, тұр-түсі бірдей екі шабдар ат ұстады. Маусым Жарлығы сол ұйған тіршіліктің быт-шытын шығарды. Бұл тек Жиеналыға емес, бүкіл қазаққа келген нәубет екенін өмір көрсетті. Оған шыдамаған өңір жігіттері хазіреттің жанына топтасты. Тығырықтан шығарады, жол сілтейді деп сенді. Хандық дәуірдің өлде-қашан өтіп кеткенін білсе де, Жиеналыны ханындай етіп басына көтерді. Ол хан емес-ті, бірақ қазақ әдебиеті классикасындағы толқудың басшылары Әкімбай Бақытов пен Тауасар Сағындықов Темір бекінісін қоршаға алуды ұсынды. Бұл кезде мың қатарлы ырғыздықтармен бірге, атқа мінген ойылдықтар да мыңға жақындап қалған-ды. Ояз орталығында Келтай Кашин айтқан Орынбор казактары мен Дон казактары, гусарлар мен драгун эскадрондары және ерекше мақсаттағы рота шоғырланған соғыс ошағын жоймайынша, көтерілістің діт-

теген жеріне жетуі мүмкін емес-ті. Алайда, негізінен тақымдарына сойылдарын қысып, мойындарына шілте мылтық ілген жігіттерге уақыт басқа таңда жасаттырмады. Дәл төбесінен түспегенмен, жаңағы Әкімбай Бақытов пен Тауасар Сағындықов, Қарағандыдағы Еркінжан Қодаров пен Қалым Атабаев, Бабатайдағы Рсалы Шалқынбаев пен Қосынбай Жаубатыров, Қайыңдыдағы Тумыш Молданиязов пен Өтеген Алтынбаев басқарған отрядтардың сақтана жасаған қимылдарының өзі ояздағыларды аяғынан тік тұрғызды.

Ояз орталығынан Петров басқарған жазалаушы отряд атқа қонып, Ойылға бет алды. Ол аз болғандай, ояздағы крестьяндар начальнигі Евтушевскийдің отряды да тап осылай жолға шықты. Екі отряд та Ақтөбе қаласынан осында аттанған Лекторский отряды туралы жедел хабар алып, дереу жиналған еді. Лекторский отряды Темір өзенінің сол жағалауын Сағызға дейін сүзе отырып, Ырғыздағы Әшеке тобын жоюы тиіс болатын. Ал Евтушевский отряды Петровпен келісе жылытып, Темірдің оң жағалауы арқылы Қарағанды, содан соң Сағыз өзеніне көп құлауы тиіс-ті. Бірақ бұл құрулы қақпанның сарт етіп қабуына Әкімбай Бақытов пен Тауасар Сағындықовтың жігіттері мүмкіндік бермеді. Олар Петров пен Евтушевскийдің жазалаушы отрядтарын төтеннен соғып, ес жиганша көзден тасаланып, адымын аштырмады. Екі отряд көздеген жеріне бір алпа кешігіп барып жетті. Дегенмен, Ойыл бекінісі басшыларының бірі Мұзафар Тәукинді қасына ерктен Петров Ойылды бойлай Қарағандыға құлап, ондағы толқу ошағын аяуысз басты. Көтеріліс басшылары Еркінжан Қодаров пен Қалым Атабаевты тұтқына алды.

1916 жылы 29 тамыз. Ол — маусым Жарлығына қарсы көтерілген азат ойлы ойылдықтар үшін ең қаралы күн. Еркіндікті аңсаған арман тағы да соққы жеді. Замана заңы жұдырықтай жұмылып, жоғары рухқа сай іс-қимыл жасауға мүмкіндік бермеді. Бытыраңқы біріккен қарулы топ, үмітсіздік шылауында солай бытырап, селдіреуге айналды. Петров отряды Беғалыдан он бес шақырымдай Қарасу бойында көтерілісшілермен нақ осындай сәтінде бетпе-бет келді. Күшті күштілігін жасады. Ақтық тынысы тыным тапқанға дейін күрескен көтеріліс басшылары Әкімбай Бақытов, Тауасар Сағындықов, Әжмағамбет Жолмағамбетов, Тумыш Молданиязов, тағы басқалары мерт болды. Олардың рухани жетекшісі Жиеналы хазірет Ізбасарұлына да патша жеңдеттері Ойылға алдап шақырып, қылыштап өлтірді.

Дегенмен, азаттық рухы араға сексен жылдай уақыт салып барып жеңіске жетті. Қарасудағы шешуші шайқас алдында көтеріліс жетекшісі, Алыбай батырдың ұрпағы Сағындық бидің ұлы Тауасар қасында жол серік болып жүрген інісі Наурызбайды ұрпақ сабақтастығын ойлап, күштеп отырып кері қайтарған еді (90.292). Қазір Наурызбайдың ұлы Елеусін бүкіл облысты басқарып отыр. Және Елеусін өкім болып сайланғалы облыс келбеті айтарлықтай өзгерді. XV ғасырдың жауһары — Абат-Байтақ кесенесі қайта жөндеуден өткізілді. Қазақ тарихында тұңғыш рет эпос кейіпкері — қазақтың бас батыры Қобыланды жайлы деректер түпкілікті ғылыми сүзілген өткізілді, нақты тұлға екендігі негізделіп, басына мемориалдық кешен тұрғызылды. Басқа да толып жатқан тарихи, мәдени, әлеуметтік объектілер бой көтерді. экономика жедел дамып, облыс жылына триллион теңгелік өнім өндіретін деңгейге көтерілді.

Материалдар жазушы Сырым Бақтығәеріұлының 2009 жылы «Фолант» баспасынан шыққан «Ойыл» кітабынан алынды.

ЖОЛДЫБАЙ АЙТҚҰЛОВ

Өткен аптада Ойылдың еңұранына айналған «Ойылым менің – ойдағы елім» өнінің авторы, сазгер жерлесіміз «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Жолдыбай Айтқұлов дүниеден озды.

Жолдыбай Айтқұлов 1949 жылы 15 шілдеде Ойыл ауданы, Қаратал ауылында дүниеге келген. Н.К.Крупская атындағы /қазіргі Ж.Жүсіалиев атындағы/ қазақ орта мектебінде білім алған.1966 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Алматы қаласында алғаш құрылған Республикалық эстрада-цирк студиясына (Ж.Елебеков атындағы колледжге) оқуға түсіп, 1969 жылы студия және «Қазақфильм» жанындағы кешкі актерлік шеберханасының дубляж цехын бітірді. Сол жылы тұңғыш құрылған республикалық «Гүлдер» ансамблінде, кейін Жамбыл қаласына жолдамамен аттанып, облыстық «Жас толқын» эстрадалық ансамблінде артист-орындаушы болып қызмет атқарды. Алматы консерваториясының кешкі бөлімінде, Шымкенттің Әл-Фараби атындағы мәдени-педагогика институтында оқып, отбасы жағдайына байланысты аяқтай алмады. Кейіннен Ақтөбе педагогикалық училищесін (1980ж), Қ.Жұбанов атындағы педагогикалық институтын (1991ж) тәмамдады.

1971-1977 жылдары Ш.Берсиев атындағы кеңшарда комсомол хатшысы болып қызмет жасады. 1977 жылдан бастап Ш.Берсиев атындағы қазақ орта мектебінде, кейін Новый орта мектебінде ұстаздық етті. Ш.Берсиев атындағы орта мектепте ұстаздық еткен кезінде Ойыл музыка мектебінің филиалында шөкірттерге домбырадан дәріс берді. Сонымен қатар, бірнеше мектепте ән, терме, айтыс өнері бойынша үйірмелер ұйымдастырып, сабақ берді. Ауданда ұлт аспаптар оркестрінің құрылуына ұйытқы болды. Республикалық, облыстық өнер додаларында жүлделі орындарға ие болса, 1976-1992 жылдары облыстық, аймақтық ақындар айтысында Ойылдың намысын қорғап, жүлдегер атанды.

Жолдыбай Айтқұловтың шөкірттері бүгінде Қазақстан Республикасының өнер қайраткері С.Мырзабаева Астана қаласында еңбек етсе, Республикалық байқаулардың лауреаты А.Телесинов Ақтөбе қаласында облыстық филармонияда еңбек етіп жүр.

Ж.Айтқұлов ақын-сазгер, өнші,суретші. Өннің өуенін де, сөзін де өзі жазadı. Туған жеріне деген сүйіспеншілігінен туындаған «Ойылым менің - ойдағы елім» өні Ойыл өңірінің «Әнұранына» айналса, «Ұлы Жібек жолындағы жаңғырған Көкжар жәрмеңкесі» алғашқы тойлауының сценарийының авторы. «Ойылым-ерке өзенім» өні 1980 жылы Алматы қаласында өткен республикалық сазгерлер конкурсында жүлде алып, Қазақ радиосының алтын қорына жазылды.

Туған жерін дәріптеп, жұртшылыққа таныту мақсатында Ойыл туралы отызға жуық өңді зерттеп, ән альбомын шығаруға бастамашы болды. Автордың біраз өңдері «Шарықта, шырқа жас ұлан!», «Жыр жазамын жүрегімнен» ән жинақтарына енген.

Ж.Айтқұловтың өнерінің тағы бір қыры - тарихымызды түгелдеп, баспасөз беттеріне өлеңдерін, мәдениет пен өнер, жастар шығармашылығы жөнінде мақалалар жарияланды.

«Ағайынды Жұбановтар», «Ардагерлер арман ерлер» өндері қалалық, облыстық байқауларда жүлделі орынға ие болса, өзі жоғары санатты «Аға мұғалім», «Ұлағатты ұстаз» тес белгісінің иегері. Бірнеше дүркін республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегері. СССР Композиторлар Одағының «Дипломымен» марапатталған.

Марқұмның отбасы мен ағайын-туғандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз!

А.Қазыбаев, С.Займолдин, С.Сүлейменов, М.Айдарбаев, Е.Жиеналин, Е.Тілепов, С.Амангосов, Т.Шалабаев, Ф.Займолда, А.Жұманов, Ш.Жоламанова, С.Қойбағаров.

Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы жергілікті ақын, сазгер, Ойылдың гимніне айналған «Ойылым менің-ойдағы елім» өнінің авторы

Жолдыбай Айтқұловтың дүниеден озуына байланысты отбасы, ағайын-туыстарына ортақтасып, көңіл айтады.

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы «Ойылым менің — ойдағы елім» өнінің авторы, аға ұстаз **Жолдыбай Айтқұловтың** кенеттен қайтыс болуына байланысты, отбасымен бауырларының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Тумышевтар еулетіне

Тумышева Жаңыл апайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ж.Жүсіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Тумышевтар еулетіне апалары **Жұмағалиқызы Жаңылдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Бейісовтер еулетіне аяулы өкесі

Тлектес ағайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының перзентхана бөлімшесінің кіші қызметкері **Мергенбаева Бибітгүлдің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.


Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Қойбағарова Құралайға апасы **Бибітгүлдің** қайтыс болуыны байланысты, ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1548 дана. Тапсырыс №785 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.



ҚАЗАҚТЫҢ ЕР-ТҰРМАН ӘБЗЕЛДЕРІ

Адамның ел ішіндегі дәрежесін, жағдайын ер-тұрман айтып бере алады. Қазақ ұғымында ер-тұрман сөзінің мағынасы кең мазмұнды қамтиды. Оған ат мінуге қажетті жабдықтардың, айталық, ер-тоқым, кекім, жүген, ноқта, айыл-тұрман, құйысқан, өмілдірік, т.б. бері қамтылып жатады.

Ер-тоқым. Ер атқа ерттелетін ердің соқа басына қаратылған. Оның астына кепілдік ретінде қажетті іштік, ішпек, тоқым өз алдына бөлек-бөлек дайындалады. Іштік көбіне құмсақ иленген қарақұйрықтың лағының терісінен немесе қойдың көктемгі жабағы жүнінен дайындалады. Ал ішпектер құмсақ киізден дайындалады. Оның екі жақ шетін балбарқыт немесе ши барқытпен көмкеріп өңдеп, өсемдейді. Ер-тоқымды жасау – тек халық ішінен шыққан шеберлердің қолынан келетін іс. Іскерлік өнерге қарай шеберлердің біреулері – ердің соқа басын жасайтын болса, екіншілері – ағаштан ер қосып, былғарыдан, киізден тоқым тігіп, қолдан үзеңгі құйып, темірге күміс, алтын жалатып және сүйекпен нақыштап, асыл тастан көздер орнатып, ер-тоқымды түгелдей жасаған. Ер-тоқым жасау мен оны күнделікті өмірде пайдалану қазақ халқының өлеуметтік, қарым-қатынас жағдайымен тығыз байланысты.

Айыл – атқа ерді бекітуге керекті жабдық. Айыл қайыстан, былғарыдан екі қабатталып жасалады. Ұзындығы – 150-160 см, ені – 8 см. Айылдың бір ұшына металл тоға тігіледі. Айылдар төс айыл («тартпа айыл» деп те аталады) және шап айыл болып негізгі екі түрге бөлінеді. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау болады. Шап айыл жалаң ердің үстінен, ал төс айыл аткөрепнің үстінен тартылады.

Атдорба – матадан, кенептен, киізден тігілген, жай өрмектеп тоқылып, атқа жем беру үшін пайдаланылатын өзбел. Дорба аттың басына бау арқылы ілінеді. Бау айылдар арқылы ұзармалы-қысқармалы етіліп жасалады.

Аттарак – Ол темір сыман (кейде ағаштан жасалады. Аттын құйрығын, түпін тарайды. Тақтайшаға арасын жиі етіп тыс жасайды. Сонымен бірге былғарыдан бау тағады. Соңғы кезде аттарак пластмассадан (суляудан) істелетін болды.

Ауыздық – аттың басын қалаған жаққа бұруға, тежеуге арналған шығыршық темір. Жүгеннің ең басты бөлігі, жұмыр темірден отқа қақтап дайындалады. Екі жақтау бөліктері ауыздықты бір-бірімен кішкентай шығыршық арқылы жалғастырады. Ал қалған екі шетін жақтауды тесіп, сол тесіктен дөңгелек сулық, шығыршықтарын өткізеді. Жүген тізгінінің ұштары осы шығыршыққа жалғастырып тігеді. Ауыздық аттың езуін жыртып кетпеуі үшін оның сулыққа таяған жері жуантық болуы тиіс.

Ашамай. Қазақ шеберлері ұлға немесе қызға арнап, «ашамай ер» жасаған. Ұл баланы үш-төрт жастан бастап атқа мінуге үйретудің айырықша маңызы болған. Ашамай ер аса күрделі болмаған. Ердің алдыңғы қасы мен артқы қасы екі айыр, биік етіп жасалып, екі ұшында тесігі болған. Баланы ерге отырғызғанда сол тесіктен таяқша өткізіп, ат үстіндегі баланы мықтап ұстады. Аяғын үзеңгі қапка киізеді. Ашамайдың үзеңгі қабын «тепкішек» деп атаған.

Белдік – қайыстан, былғарыдан қайық тігілетін бау. Атты арбаға, шанаға жеккенде, ершікті бекітіп ұстататын тартпа бау.

Бұғалық – арқаннан жасалған арнайы құрал. Оны жылқыны, түімені, т.б. ұстау үшін қыл, кендір, қайыс арқаннан ұзындығын 12-15 құлаш етіп жасайды. Бұғалықтың бір ұшына күрмен кішкентай тұзақ жасайды. Екінші ұшын сол тұзақтан өткізеді де, одан жылқымалы үлкен тұзақ жасайды, оны көбінесе құрыққа байлап қолданады.

Делбе – арбаға, не шанаға жегілетін көлікті бұрып отыруға арналған өзбел. Оны қайыстан немесе есілген қылдан жасайды. Делбенің ат сулығына байланар екі ұшында ағаш тиегі, кейде темірден жасалған бекітпесі болады. Ұзындығы – шамамен, 7-10 метр.

Доға – жылқыны арбаға, не шанаға жеккенде қамытты дөртеге жалғастыратын өзбел. Доғаны қайың, тал, үйеңкі емен сияқты мықты ағаштардан иіп жасайды. Ол үшін жұмыр ағаштың иілуге тиісті жерін шауып, жұқартып алып, морға салып жұмсартады да, тез арқылы екі жақ басым иіп, қалпына салып кетпейді. Доға кеуіп, қалпына түскеннен кейін иілген жерінен шығыршық орнатады. Доғаның дөртемен жалғасатын төменгі екі ұшының сырқасты бетін, орнықты болуы үшін, шауып ойық жасайды.

Ер және ер қосу – салт мініске арналған ер өзбелі. Өте сапалы, мықты ағаштан шайылады. Ер жасауға қайың, мойыл, үйеңкі ағаштары пайдаланылады. Ердің жасалуына қарай бірнеше түрі болады. «Қазақ ер», «күміс ер», «құранды ер», «ашамай ер», т.б. Қазақ ері бес бөлшектен тұрады: алдыңғы, артқы қасы; екі қаптап және екі қастың ортасындағы белдік ағаш. Ердің алдыңғы қасы арқы қастан биік болады. Бет жағы ою-өрнектермен бедерленеді. Артқы қастың үсті жаппақтау, алқымы таяз болады. Ердің екі қапталының басы – биіктеу, ортасы – жатыңқы, аттың арқасына батпайтындай болуы тиіс. Осы бес бөлшегі өзінгенен соң, алдыңғы қасқа екі қаптауды желімімен қондырады. Осыдан кейін артқы қасты біріктіріп, бел-ағашты екі қастың

аралығына салып, ағаш шегемен бекітеді. Екі қаптап ағаштарының ердің алдыңғы қасына жақын – орта шенінен таралғы өткізетін тесік қашайды. Қапталдың алдыңғы екі басынан өмілдірік өткізетін бүлдірге, артқы екі басынан құйысқанды жалғайтын және қанжығаға керекті тесік-

Қамшы ер-тұрман өзбелдерінің құрамына кіреді. Оны кейде «ат жүргізгіш» деп те атайды. Өйткені қамшыны, негізінен, «көлікті» жүргізу үшін қолданады. Ал керек болған жағдайда оны қару ретінде де пайдаланады. «Қамшыдан үлкен қару жоқ, қолында жүріп білінбес» деген сөз

Таға. Жылқының тасырқамауы немесе мұздан таймауы үшін тұяғына қағылады. Тағаны сом темірден иіп, қаптап шеге өтетін тесік пен сай салып жасайды. Бедерлі өкшелік шығарады. Тағаны аттың тұрасына тигізбей, тұяғына ғана кіріп тұратындай етіп арнайы шегемен қағады.


Төбінгі – ер-тұрманның құрамына

соны меңзесе керек. Ондай қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болып келеді. Қамшының өріміне қарай елде неше түрі болады. Қамшы бүлдірге, сап, алақан және өрімінен тұрады. Оның әрқайсысы өр заттан жеке-жеке даярланып біріктіріледі. Қамшының сабы тобылғыдан, ырғайдан, тауешкі және ақбөкеннің мүйізіннен немесе еліктің сирағынан жасалады. Қолға ұстайтын жерін былғарымен қаптап, бүлдірге тағады. Кейде қамшының сабын тұтастай былғарымен қаптап, күміспен өшекейлейді. Күміс сапы қамшы көбінесе өйелдерге арналады. Ал ерлер қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыстан немесе жезден орап сақиналайды. Мұндай қамшыны «сарыала қамшы» деп атайды. Қамшының өрімі жақсы иленген қайыстан өріледі. Қамшы өрімін өртүрлі етіп жасау үшін таспа санын өзгертіп отырады.

Қамыт. Көлікті арбаға, шанаға жеру үшін пайдаланылады. Оның ат қамыт, түйе қамыт, өгіз қамыт сияқты арналған төліне қарай нешеме түрлері бар. Қамыттың иіме ағаштан жасалған қос құлағы болады. Олардың жоғарғы ұштарын қайыспен біріктіріп байлайды. Мұны «желкебау» деп атайды. Құлақ ағаштарының астына «шұжық» орнатылады. Қамыттың құлақтарына ілмектелген жалпақ қайыс өткізіледі. Оны «құлақбау» дейді.

Қулақбау дөрте мен доғаның бастарын бір-біріне қосады. Ал қамыттың төменгі бастарын қосатын жіңішке қайыс «тамақбау» деп аталады.

Оны қатты тартып байлағанда доға бастары дөртеге мықты болып бекиді.



ланған. Жабудың қыстық және жаздық түрлері болады. Қыстық жабуды – киізден, ал жаздық жабуды – терме алашадан, кейде сөнді матадан да тігеді. «Жабу астында жан қалады», «жабу астында жал қалады» деген сөздер жабудың малды жүдетпеуге пайдалы екендігін білдіреді.

Желдік – тоқым мен ер қапталының арасына салынатын, былғарымен қапталған екі бөлек киіз. Олар төмен сырғып түспеуі үшін екі жерінен тесіп, қайыс тағып байлайды. Ол аттың арқасына ердің оқпаны тиіп, батпауы үшін салынады.

Жүген және оның түрлері – жылқыны жөнге буру, байлау үшін қолданылатын өзбел. Қазақ шебері көңіл бөлген. Оны былғары мен қайыстан, т.б. жасаған. Ол үшін қайысты тігіп, өріп, түйіп өшекейлеген. Жүгеннің қайыс, түйме, шытыралы, былғары, өрме жүген деген бірнеше түрі бар. Былғары жүгенді астына қайыс салып тігеді. Жүген кеңірік, жақ, мылқ, желкелік, көкілдік, сағалдырық, ауыздық, сулық, тізгін, шылбыр сияқты бөлшектерден құралады.

Тізгінің – қайыстан, ал шылбырдың қылдан өрілгені абзал. Жүген аттың басынан сыпырылып кетпеуі үшін сағалдырықты аттың жағының астынан доға арқылы бекітеді. Былғары жүген күмістелген бүркеншіктермен өшекейленеді. Кенсірік пен кекілдік арасын өрмемен жалғастырып, айқасқан жеріне асыл тас орнатады.

Көпшік – ердің үстіне салынатын төсеніш. Оны көбінесе, тысымен немесе тысымен бірге сәндік үшін өдетте киізден, жүн тартқан матадан, жүнін арасына келтіріп, беттестірген қой терісінен, аң терілерінен, сондай-ақ ішіне жылқының қылын салып, былғары, жарғақ жастықшалардан жасайды.

Кісен (темір тұсау) – жылқыны матау өзбелі. Шеберлер кісенді аттың аяғына темірден келістіріп иіп, аяғына тиегін жеріне кізі салып, сыртын былғарымен қаптап, тігіп жасайды. Кісеннің аттың аяғына салатын жерінің темірі екі бөлшектен құралады, ашылу, жабылу жағдайы тоға арқылы орындалады. Аттың оң аяғына салынатын кісен бөлшегінің біреуінде кішкентай шығыр болады. Сол шығырдан кісеннің шыңырын өткізгенде бөлшек жабылады. Ал екінші аяғына салатын кісен бөлшектің екі ұшында да айкастырып жалбылан құлып болады. Кісен тек кілтпен ашылып-жабылады.

жататын өзбелдердің бірі. Төбінгі, бір жағынан, өсемдік үшін тағылса, екіншіден тоқым қысқа болған жағдайда, аяққимді аттың терінен қорғайды («...төбінгі терге шірмей» деген тіркестің орайы келіп-ақ, тұрғаны). Ал тоқым ұзын болған жағдайда оны тозып кетуден сақтайды. Қазіргі кезде төбінгіні жеке жасамайды. Киіз тоқымдарға жапсырылып, тігіледі. Халық арасында мұндай төбінгіні «тоқымның төбінгісі» деп те атайды. Ол адамның тілпішік, тобығының тұсына келеді.

Тепкішек. Жас баланы атқа мінгізгенде қолданылатын ер-тоқым өзбелдерінің бір түрі. Қазақ халқында 5-6 жастағы баланы алғаш атқа мінгізгенде аяғы үзеңгіге жетпейтін болғандықтан, оған арнайы тігіліп, ою-өрнекпен өсемделген төбінгі – тепкішек дайындалады. Тепкішкті түрлі-түсті жүн жіппен термелеп тоқылған өрнекті басқұрдан немесе шұғадан, т.б. қалың матадан астарлап қоржын сияқты етіп тігеді де, бетін кестелейді. Оны ердің үстіне салып пыстанмен бекітеді. Бала тепкіштің екі басына екі аяғын салып отырады. Терлік тоқымның астына салу үшін қойдың жабағы жүнінен жасалады. Шеттерін былғары, болмаса матамен көмкереді. Терлік өз атына сай тер сіңіру үшін және аттың арқасына ердің қапталы батпау үшін қажет. Терлікті кей жерде «ішкілік» деп те атайды.

Тоқым – ердің аттың арқасына батпауы үшін салынатын төсеніштің бір түрі. Ол көбіне киізден сыртылып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға немесе барқыт сияқты маталардың бірімен көмкеріп, сыртын

түгелдей қалың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкерме тоқымды көбінесе өйелдер жасайды да, ал былғары тоқымды шебер еркектер жасайды. Тоқымның көлемі де, пішілу үлгісі де өртүрлі болады. Өйелдерге арналған тоқымдар – үлкен, өшекей көп, ал еркектердің тоқымдары ыңғайлы, шағын болады.

Тұсамыс – жылқы ұзап жайылып кетпеуі үшін пайдаланылатын өзбел. Аттың алдыңғы екі аяғына салынады. Оны жіп, қайыс немесе былғарыдан жасайды. Тұсамыстың тиек орнатылған алақаны және балақбауы болады. Атты тұсағанда балақбаудың ат шашасы жағында болуы шарт. Тұсамыс болмаған жағдайда жылқыны жіппен де тұсай береді. Үзеңгі – атқа міну үшін қажет «баспалдақ». Зергерлер оны қолдан құятын болған. Темірден қақтап та жасаған. Үзеңгінің екі қабырғасының жоғарғы жағында таралғы өткізетін тесік болады. Оған үзеңгібау тағылып, ердің қапталындағы тесіктен өткізеді. Ал аяққимының табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді. Бұрын ершілер үзеңгіні кеплеген қайыңнан иіп немесе ойып та жасаған. Мұндай үзеңгілер атқа жеңіл болады және ол қыста аяқты қарымайды.

Шідер – жылқыны матау өзбелдерінің бірі. Оны қайыстан, кейде шынжырдан жасайды. Шідер үш балақ (тұсамыс және өре) болып келеді. Ол жылқының алдыңғы екі аяғы мен артқы бір тілересіне салынады. Өр балақта бір-бірден алақан, тиек және балақбаулар болады. Қыл шідердің тұсауын, өресін және балақбауларын жылқы қылынан жеке-жеке дайындап алып құрастырады. Ал қайыс шідерді сиыр терісінен иленген қалың қайыстан екі қабаттап жасайды. Қос қабатталған қайыс таспамен тігіледі. Мұндай шідердің тұсауы мен өрелігі шығыршық арқылы жалғасады. Өрме шідердің үш балағы бөлек өріліп, біріктіріледі. Оның балақбаулары қос қабат жіңішке қайыстардан, таспалардан жұмырланып өріледі. Шилиа – қамытты аттың мойнынан кетірмеу үшін қолданылатын өзбел. Шилианы қайыстан тігіп, түйіп, өріп істейді. Шеберлер күміспен, жезбен қадақтап өсемдейді, өр жеріне жазыған шашақ тағады. Кетерме – атты арбаға, шанаға жеккенде ағаш жетегін көтеретін бау. Бұл бау ершіктің үстіне салынады.

Тәуелсіздік мартуы

«ШАҒЫН МЕКТЕП: ШҰБАРШИДІҢ БІЛІМ БАҒЫ»

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Еліміз еңсесін түзеіп, қадамын нықтап алғаннан кейін білім мен ғылымға баса назар аударды. Болашақ ұрпақтың білімді, білікті болуы жолында білім ошақтарын салу мәселесін бірінші орынға қойды. Тәуелсіздік жылдарында елімізде көптеген жаңа мектептер салынды. Оның ішінде біздің ауданның да үлесі мол. Соның бір жарқын көрінісі Жақсыбайкөл негізгі мектебі. Бұрын апаттық жағдайда тұрғандықтан шағын ауылға жаңа мектеп салу мәселесін шұбаршылықтардың басты проблемасы еді. Азаттығымыздың ақ таңында бұл мәселе шешімін тауып, 2017 жылы Шұбаршиге «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында типтік үлгідегі 60 орындық жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Ауылдың бір шетінен бой көтерген жаңа мектеп оқушылардың білім нәрімен сусындауына мол мүмкіндік сыялады.



МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ БАСЫН ӨСІРУ, ОДАН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕРДІ АРТТЫРУ ЕҢ БІРІНШІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ЖЕМ-ШӨППЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.



Мол да сапалы табиғи мал азығын дайындауға еңбекті механикаландыру дәрежесі елеулі түрде ықпал етеді. Сондықтан шаруа қожалықтардың басшылар науқан басталмас бұрын техниканы жөндеуден өткізіп, сапқа қоюға баса көңіл бөлу қажет.

Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда олар мыналар:

- жұмылдырылатын техникаларды жаракты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;
- агрегатта және оның, айналанында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;
- тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықтауы;
- электр-газ дөңкерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;
- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;
- ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады;
- тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады;

Мыналарға:

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелдерді, ірі жемшөп мааларын, өзге де жаншыл заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген әрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау әрбір қожалық иелерінің міндеті.

Сонымен қатар автокөліктерді өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуде өрт оқиғалары жиі пайда болады.

ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

Құрметті автокөлік иелері:

- Автокөліктеріңізді өрт кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;
- Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, өсіресіз электрсымдарға баса назар аударыңыз;
- Өзіңізбен бірге өрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;
- Практика көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі